

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

# Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы  
1997 жылдан бастап шығады



# ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

<https://doi.org/10.48081/BGQF2048>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Тулекова Г. М.

*доктор PhD, профессор*

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Мағауова А. С.,

*д.п.н., профессор*

Бекмағамбетова Р. К.,

*д.п.н., профессор*

Самекин А. С.,

*доктор PhD, ассоц. профессор*

Син Куэн Фунг Кеннет,

*д.п.н., профессор (Китай)*

Желвис Римантас,

*д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)*

Авагян А. В.,

*д.п.н., ассоц. профессор (Армения)*

Томас Чех,

*д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)*

Искакова З. С.

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**\*А. Л. Сеитова<sup>1</sup>, У. М. Абдиганбарова<sup>2</sup>,  
И. А. Оралканова<sup>3</sup>, С. А. Рапикова<sup>4</sup>**

<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>3</sup>Торайгыров университеті,  
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

<sup>4</sup>Шәкәрім университет,  
Республика Казахстан, Семей қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1427-5318>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0406-8347>

<sup>3</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-1969-4674>

<sup>4</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7614-1470>

\*e-mail: [akbota\\_kaznpu@mail.ru](mailto:akbota_kaznpu@mail.ru)

## **МЕКТЕП–ЖОО ЖҮЙЕСІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ САНА-СЕЗІМІН ДАМУ**

*Бұл мақалада болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін дамытудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Автор кәсіби сана-сезімді тұлғаның өзін-өзі тануы, кәсіби рөлін ұғынуы, мамандыққа деген ішкі қатынасы мен болашақтағы кәсіби бағыттылығы ретінде сипаттайды. Зерттеудің негізгі мақсаты – кәсіби сана-сезімнің құрылымдық компоненттерін (когнитивтік, эмоционалдық, мотивациялық, рефлексивтік және мағыналық) кешенді түрде дамытатын тиімді модель ұсыну. Зерттеу жұмысы үш кезеңнен тұрды: бастапқы диагностика, даму моделін әзірлеу және қорытынды диагностика. Бастапқы кезеңде 37 студенттің кәсіби сана-сезім деңгейі арнайы психологиялық әдістемелер арқылы бағаланды: А. В. Карповтың рефлексияны анықтау әдісі, Т. Элерстің мотивацияны зерттеу тесті, Холлдың эмоционалды интеллект шкаласы, Д. А. Леонтьевтің мағыналық бағдарлар тесті және когнитивтік танымды бағалауға арналған тапсырмалар қолданылды. Диагностика нәтижесінде студенттердің бірқатар компоненттер бойынша төмен көрсеткіштері анықталып, сол олқылықтарды жоюға бағытталған арнайы даму моделі құрылды. Әр компонентке үш нақты практикалық іс-шара ұсынылды. Қайта жүргізілген*

*диагностика даму моделінің тиімділігін дәлелдеді: студенттердің кәсіби түсінігі тереңдеді, рефлексиялық және мотивациялық белсенділігі артты, кәсіби құндылықтарға бағыттылығы күшейді. Мақалада кәсіби сана-сезімді дамыту болашақ педагогтың кәсіби тұлға ретінде қалыптасуының маңызды шарты екені көрсетіледі.*

*Кілтті сөздер: кәсіби сана-сезім, болашақ мұғалім, педагогикалық диагностика, рефлексия, мотивация, эмоционалды интеллект, мағыналық бағдар, кәсіби құндылықтар.*

### **Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани дамуының басты қозғаушы күшіне айналып отыр. Бұл жүйеде негізгі рөлді атқаратын – мұғалім. Оның кәсіби деңгейі мен адами болмысы – білім беру сапасын анықтайтын шешуші фактор. Е. Г. Юдинаның пікірінше, кәсіби сана-сезім – білім беру жүйесінің дамуына әсер ететін қуатты факторлардың бірі [1].

Кәсіби сана-сезім мұғалімнің педагогикалық кеңістікті бейнелеп, жасап, қайта құру қабілетіне тікелей байланысты. Ол оқушыны адамгершілік құндылықтарға баулу, оның тұлғалық қалыптасуына ықпал ету, шығармашылық әлеуеті мен дербестігін дамыту сияқты маңызды педагогикалық міндеттерді шешуде ерекше мәнге ие. Осы тұрғыда кәсіби сана-сезім – мұғалімнің өзіне, оқушыға, әріптестеріне және қоғамға деген көзқарасын қалыптастыратын, тұлғалық рефлексияға негізделген кәсіби өзіндік сана. Е.И. Исаев, С.Г. Косарецкий, В.И. Слободчиков кәсіби сана-сезімді адамның кәсіпқой ретінде өзін-өзі дамытуының шынайы тетігі деп сипаттайды [2]. Ол – мұғалімнің кәсіби «Мен» бейнесін қалыптастыру мен бекітудің, өзінің кәсіби миссиясын түсіну мен жүзеге асырудың негізгі өзегі.

Мұндай феноменді зерттеудің өзектілігі қазіргі кәсіби және әлеуметтік-экономикалық кеңістіктегі түбегейлі өзгерістермен тығыз байланысты. Атап айтқанда:

- адамның ұйымдастырушылық құрылымдардағы рөлінің өзгеруі;
- цифрлық технологиялардың белсенді енгізілуі;
- еңбек нарығындағы жаңа талаптар мен кәсіби сәйкестік мәселелері;
- кәсіби күйзеліс пен эмоционалдық қажудың өсуі.

Осының бәрі болашақ педагогтың кәсіби сана-сезімін қалыптастыруды үздіксіз, саналы әрі жүйелі үдеріс ретінде қарастыру қажеттілігін айқындайды. Әсіресе, мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы байланыс бұл үдерісте шешуші рөл атқарады. Болашақ мұғалімнің кәсіби сана-сезімі тек теориялық білімдер арқылы ғана емес, сонымен қатар мектептегі тәжірибе, кәсіби қарым-қатынас және әлеуметтік орта арқылы дамиды.

Кәсіби сана-сезім – тұлғаның кәсіби қызметтегі өзіндік орнын ұғынуы, кәсіби «Мен» бейнесін қалыптастыруы мен дамытуы арқылы көрінетін күрделі психологиялық-педагогикалық құбылыс. Л. С. Выготский негізін қалаған мәдени-тарихи тұжырымдамада кәсіби сана-сезім статикалық күйдегі дайын сана ретінде емес, керісінше, өзінің рухани дамуы мен ішкі өсуіне күш салатын, өзгеріп, жетіліп отыратын адамның белсенді санасы ретінде қарастырылады [3].

Педагогтың кәсіби сана-сезімі тек кәсіби білімдердің, педагогикалық теориялардың, нормалар мен ережелердің жиынтығы ғана емес. Ол – педагогикалық қарым-қатынас, құндылықты-мағыналық бағдарлар, этикалық ұстанымдар мен кәсіби қызметке деген ішкі мотивация арқылы көрінетін тұтас жүйе. В.Г. Маралов бұл ұғымды «білімді меңгеру – кәсіпқойдың құзыреттілік деңгейін айқындайтын негізгі байлығы, онсыз өзін-өзі дамыту мен кәсіби жетілудің мәні жоқ» деп тұжырымдайды [4].

Кәсіби сана-сезімнің маңызды сипаттарының бірі – оның белсенділік сипаты. Мұғалімнің кәсіби белсенділігі – оның балалармен, әріптестермен қарым-қатынасындағы құндылықтық ұстанымдарынан бастап, жаңа педагогикалық әдістер мен технологияларды ізденіп, қолдануға, білім қорын толықтыруға деген ұмтылысында көрінеді. Танымдық, коммуникативтік және шығармашылық белсенділік – кәсіби сана-сезімнің нақты практикалық көрінісі. Бұл мұғалімнің өзін кәсіби тұлға ретінде тануы, өз әрекеттерін бағалап, түзетіп отыру қабілеті арқылы көрінеді. А. П. Огурцовтың айтуынша, рефлексия бұрынғы үлгілер мен автоматизмдерден ауытқу пайда болған сәтте басталады және ол ойлау мен әрекеттің жаңа көкжиектерін ашады [5].

Сонымен қатар, кәсіби сана-сезімнің маңызды құрамдас бөлігі – болжау мен мақсат қою қабілеті. Мұғалім өз қызметінің алдағы нәтижелерін болжай алуы, кәсіби және өмірлік мақсаттарын нақтылап, сол мақсаттарға жету жолдарын жоспарлай білуі тиіс. Бұл қасиет мұғалімнің ішкі мотивациясын тұрақты ұстап тұратын, кәсіби дамуға жетелейтін басты механизмдердің бірі. Осы аталған күрделі де көпқырлы қасиеттерді болашақ мұғалімнің бойында жүйелі түрде қалыптастыру үшін теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою – өзекті міндеттердің бірі. ЖОО қабырғасында алынған теориялық білім көбіне нақты мектептегі педагогикалық үдерістерден алшақ жатады. Ал бұл өз кезегінде студенттің кәсіби «Мен» бейнесін нақты жағдайда қалыптастыруына кедергі келтіреді. Мұндай қайшылықтарды еңсерудің тиімді жолы – мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы интеграцияланған әріптестікті күшейту, яғни «мектеп-ЖОО» жүйесі шеңберінде мақсатты, үйлесімді және жүйелі өзара іс-қимыл орнату.

Бұл модель болашақ педагогтардың студенттік кезеңнен бастап мектеп өміріне араласуына, өзінің кәсіби қызметінің алғашқы тәжірибелерін жинақтауына, теориялық білімдерін нақты педагогикалық жағдайларда қолданып көруіне жол ашады. Мұндай жағдайда кәсіби сана-сезімнің қалыптасуы жай бақылау немесе көру арқылы емес, белсенді әрекет ету, рефлексия жасау және болашақ маман ретіндегі өз орнын сезіну үдерісі арқылы жүзеге асады.

Осыған орай, зерттеудің негізі – «мектеп–ЖОО» жүйесі аясында болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін дамытудың теориялық негіздерін талдау және оны қалыптастырудың тиімді жолдарын ғылыми айқындау. Кәсіби сана-сезім ұғымына қатысты ғылыми әдебиеттерде әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Төменде кәсіби сана-сезімге берген анықтамалары келтірілген (1-кесте):

1-кесте – Ғылыми әдебиеттердегі кәсіби сана-сезім ұғымының анықтамалары

| Авторлар               | Анықтамасы                                                                                                                                                                                                 |
|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| А. И. Смоляр [6]       | Кәсіби өзін-өзі тану – бұл өзін кәсіби тұлға ретінде, социомәдени контекстте, педагогикалық қызметте және қарым-қатынаста ұғыну; кәсіби шындықты қабылдау және басқа адамның көзімен өзіне қарау қабілеті. |
| Н. Н. Нечаев [7]       | Кәсіби сана – бұл маманның қоршаған әлемге өз кәсіби міндеттері тұрғысынан қарауы, маңызды құбылыстарды іріктеп бағалауы.                                                                                  |
| А. К. Маркова [8]      | Кәсіби сана – бұл кәсіби маңызды сапа, қызметтің тиімділігіне әсер етеді және іс-әрекет барысында жетіледі.                                                                                                |
| А. Дистервег [9]       | Мұғалім санасы – бұл адамдарға деген ерекше көзқарас пен дүниетаным, мұғалім тұлғасының ерекшелігін қалыптастырады.                                                                                        |
| О. V. Berezhnova [10]  | Кәсіби сана-сезім – бұл білім беру және кәсіби әрекетте қалыптасатын құрылым, оған әсер ететін психологиялық-педагогикалық шарттар бар.                                                                    |
| М. L. Shapovalova [11] | Кәсіби сана-сезім – бұл когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлықтық компоненттерден тұратын тұрақты, бірақ өзгермелі құрылым.                                                                            |
| Т. Bugaychuk [12]      | Кәсіби сана-сезім – бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі бағалауы мен кәсіби дамуындағы өзгерістерге бейім динамикалық процесс.                                                                       |

Жоғарыда келтірілген ғылыми тұжырымдар кәсіби сана-сезімді тек теориялық ұғым ретінде ғана емес, практикалық-педагогикалық әрекетпен тығыз байланыстағы күрделі құрылым ретінде қарастыру қажет екенін көрсетеді.

О. Б. Дарвиш пен Е. К. Жунусованың зерттеуінде рефлексия болашақ педагог-психологтардың кәсіби сана-сезімі мен өзіндік санасын дамытудың негізгі кілті ретінде қарастырылады [13]. Авторлар рефлексияны адамның тұлғалық дамуындағы маңызды феномен, кәсіби болмысты ұғынудың, өзін-өзі танудың және кәсіби іс-әрекетке қатысын түсінудің ішкі тетігі деп сипаттайды. Рефлексия тек ішкі күйді немесе сезімді түсіну емес, сонымен бірге кәсіби қарым-қатынас барысында өзін және басқаларды ұғыну, кәсіби міндеттерді орындау барысында туындайтын әрекеттер мен шешімдерді бағалау мен қайта ой елегінен өткізу үдерісі ретінде ұсынылады.

Н. Шевченко өзінің ғылыми жұмысында болашақ мұғалімдердің кәсіби сана-сезімін дамытуға арналған арнайы бағдарламаның тиімділігін эмпирикалық зерттеу арқылы дәлелдеген [14]. Автор педагогикалық білім алғаннан кейін де түлектердің кәсіби қызметке толық дайын емес екенін атап өтеді. Зерттеу барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби сана-сезімінің құрылымдық-функционалдық компоненттерін мақсатты дамытуға бағытталған психологиялық шарттарды ұйымдастыру мүмкіндігі көрсетілген. Бағдарлама аясында кәсіби құндылықтар, кәсіби мағыналар мен қабылдау сияқты негізгі компоненттердің оң серпінмен дамығаны анықталған.

Н. И. Гуслякова мен В. Ф. Жеребкина кәсіби сана-сезімді қалыптастырудың негізгі тетігі ретінде мақсат қою қабілетін қарастырады. Авторлардың пікірінше, кәсіби сана-сезім – бұл болашақ мұғалімнің тұлғалық және кәсіби дамуының өзегін құрайтын күрделі құрылым, ал мақсат қою – осы құрылымды жандандыратын жетекші механизм. Мақсат қою үдерісі адамның өзін кәсіби субъект ретінде ұғынуынан, кәсіби мәні бар мақсаттарды өз бетімен қоя білуінен басталады [15]. Бұл әрекет кәсіби сананың қалыптасуына ықпал етіп қана қоймай, адамның ішкі мотивациясын, жеке мағыналық кеңістігін де анықтайды. Авторлар кәсіби мақсат қоюдың даму деңгейін студенттің кәсіби даярлығының кезеңдеріне сәйкес талдайды. Олар бұл үдерісті үш сатыға бөледі:

1) жалпы кәсіби мақсаттарды құру (құндылықтар мен мағыналар негізінде); 2) нақты әрекет стратегияларын жоспарлау; 3) кәсіби қауымдастық мүшесі ретінде өзін тану және мақсаттардың кеңеюі.

К. Sedykh және N. Metelska зерттеуінде педагог мамандарының кәсіби сана-сезімінің кәсіби шеберлігін арттыру үдерісіндегі даму динамикасы жан-жақты талданған [16]. Авторлар кәсіби сана-сезімнің құрылымын бірнеше компонентке бөліп, олардың әрқайсысының даму ерекшеліктерін

кәсіби тәжірибе ұзақтығына байланысты сараптаған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, құндылық-мағыналық компонент – педагогикалық мамандық өкілдері үшін кәсіби сана-сезімнің жетекші элементі болып табылады. Когнитивтік компоненттің маңызы 5 жылдан астам тәжірибесі бар педагогтарда арта түседі, бұл олардың кәсіби білімдерін терең түсініп, қызметте орынды қолдана білетінін көрсетеді. Бағалау компоненті, керісінше, кәсіби тәжірибесі артқан сайын маңызын біршама жоғалтады. Эмоциялық компоненттің рөлі 10 жылдан астам еңбек өтілі бар педагогтарда жоғары, ал жаңа мамандар мен жас мұғалімдерде төмен. Мұндай айырмашылықтар эмоционалдық тұрақтылықтың тәжірибемен келетінін көрсетеді. Реттеуші компонент (өзін-өзі бақылау, қызметті басқару) студенттер мен тәжірибесі аз мұғалімдерде маңыздырақ, алайда тәжірибе артқан сайын бұл компонентке көңіл азаяды. Бұл кәсіби әрекетті автоматизмге сүйене отырып орындаудың нәтижесі болуы мүмкін. Мотивациялық компонент болашақ мұғалімдер үшін айтарлықтай маңызға ие емес, бұл олардың кәсіби мақсаттары мен құндылықтарының әлі толық қалыптаспағанын көрсетеді. Зерттеу педагогтердің кәсіби сана-сезімі біртұтас құрылым болғанымен, оның компоненттері кәсіби тәжірибеге қарай әртүрлі қарқынмен дамитынын дәлелдейді.

К.Т.Іvanovna кәсіби сана-сезімді тұлғаның кәсіби қызметтегі өзіндік дамуымен, құндылықтық бағдарларымен және болашақ кәсіби болмысты модельдеумен тығыз байланыстағы психологиялық құрылым ретінде сипаттайды [17]. Зерттеу барысында кәсіби сана-сезімнің когнитивтік, эмоционалдық, мотивациялық-мақсатты, операциялық және құрылымдық компоненттері қарастырылған. Мысалы, когнитивтік компонент өзін тұлға ретінде танумен, эмоционалдық – өзін түсіну және қабылдаумен, мотивациялық – өзін кәсіби салада іске асыруға ұмтылысымен, операциялық – кәсіби мақсаттар қою мен әрекет стратегиясын жоспарлаумен сипатталады.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеудің бірінші кезеңі – диагностикалық – болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін құрайтын негізгі компоненттерді анықтап, олардың даму деңгейін бағалауға бағытталды. Бұл кезеңде кәсіби сана-сезімнің құрылымын сипаттайтын бес негізгі компонентке (когнитивтік, эмоционалдық, мотивациялық, рефлексивтік және мағыналық/реттеуші) сәйкес диагностикалық әдістемелер қолданылды. Тандалған әдістемелер педагогикалық саладағы студенттердің ерекшеліктеріне бейімделген және оларды тәжірибеде кеңінен пайдалануға болады (2-кесте).

## 2-кесте – Тандалған әдістемелер

| Компонент                      | Әдістеме                                                                            | Сипаттамасы                                                                                       |
|--------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Когнитивтік компонент          | А.В. Лазукин мен Н.Ф. Калинаның бейімделуімен жасалған «Өзін-өзі өзектендіру тесті» | Болашақ мұғалімнің өзін тұлға және кәсіби субъект ретінде тану деңгейін білдіреді                 |
| Эмоционалдық компонент         | Н. Холлдың эмоционалдық интеллектті бағалау әдістемесі                              | Студенттің эмоцияларын ұғыну, басқару және оларды кәсіби қатынаста пайдалану қабілетін сипаттайды |
| Мотивациялық компонент         | Элерстің «Жетістікке ұмтылу мотивациясы» әдістемесі                                 | Кәсіби мақсаттарға ұмтылу, табысқа жетуге деген ішкі бағдарлар                                    |
| Рефлексивтік компонент         | А. В. Карповтың «Рефлексия деңгейін анықтау әдістемесі»                             | Кәсіби әрекетке талдау жасау, өзін бағалау және жетілдіру қабілеті                                |
| Мағыналық (реттеуші) компонент | Д.А. Леонтьевтің «СЖО – Смыслжизненные ориентации» тесті                            | Кәсіби қызметтің мәнін түсіну, өмірлік бағдар мен ішкі мақсаттар                                  |

Зерттеуге педагогикалық бағытта оқитын 3–4 курс студенттері қатысты. Барлық әдістемелер топтық форматта жүргізілді, нәтижелер сапалық және сандық түрде өңделіп, әр компоненттің даму деңгейі мен өзара байланысы талданды. Аталған диагностикалық кезең нәтижелері болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін дамытудың өзекті бағыттарын анықтап, келесі кезеңде ұсынылатын педагогикалық модельдің негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Келесі кезеңде – алынған деректер негізінде кәсіби сана-сезімді дамытуға арналған педагогикалық модель ұсынылады, ал үшінші кезеңде осы модельдің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен бағаланады.

**Нәтижелер мен талқылаулар**

Зерттеу үш кезеңнен тұрды:

Бастапқы диагностика

Модельді енгізу

Қайта диагностика

## 3-кесте – Қатысушылар тізімі

| Топ                       | Студент саны           | Сипаттама                                   |
|---------------------------|------------------------|---------------------------------------------|
| Эксперимент тобы (n = 37) | Модель толық енгізілді | Тренинг, коучинг, рөлдік ойындар, рефлексия |
| Бақылау тобы (n = 34)     | Дәстүрлі оқу           | Қосымша модульдер қолданылмады              |

Екі топ та бастапқыда бірдей деңгейде екенін t-критерий көмегімен тексерілді ( $p > .05$ ).

Болашақ мұғалімдердің кәсіби сана-сезімінің когнитивтік деңгейін бағалау мақсатында зерттеуге 37 студент тартылды. Бұл компонент – адамның өзін тұлға әрі кәсіби субъект ретінде қалай танитынын, болашақ мамандығына қаншалықты дайын екенін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Осы мақсатта Э. Шостромның «Өзін-өзі өзектендіру тестінің» (САМОАЛ) А.В. Лазукин мен Н.Ф. Калинаның бейімделген нұсқасы қолданылды.

Аталған әдістеме тұлғаның ішкі «Меніне» қатысты көзқарасын, құндылықтар жүйесін, өз-өзіне сенімін, өмірлік бағдарын, шығармашылыққа және өз бетімен шешім қабылдауға бейімділігін анықтайды. Сауалнама 100 сұрақтан тұрады және он бір психологиялық бағыт бойынша балл есептеледі. Әр қатысушының жауабы шкалаларға бөлініп, балдық жүйе арқылы талданды (4-кесте).

## 4-кесте – Өзін-өзі өзектендіру тестінің нәтижелері

| № | Шкала атауы                            | Орташа ұпай | Бағалау                                       |
|---|----------------------------------------|-------------|-----------------------------------------------|
| 1 | Құндылықтар                            | 11.6        | Жоғары – өмір мен кәсіпке мағына бере алады   |
| 2 | Өзін түсіну                            | 7.8         | Орташа – өз ішкі әлемін толық түсіне бермейді |
| 3 | Аутосимпатия (өзін жақсы көру)         | 6.9         | Төмен – өзін толық қабылдамайды               |
| 4 | Уақытқа бағдарлану                     | 8.3         | Орташа – болашағын нақты елестету қиын        |
| 5 | Автономдылық (өз шешімін өзі қабылдау) | 7.5         | Орташа – өз бетімен әрекет етуге дайын емес   |

Зерттеу нәтижелері студенттердің когнитивтік компонент деңгейінің айтарлықтай әркелкі екенін көрсетті. «Құндылықтар» шкаласы бойынша


орташа көрсеткіш жоғары деңгейге жақын болды, бұл болашақ мұғалімдердің өмірлік және кәсіби мақсаттарының бар екенін, мамандықты мағыналы іс ретінде қабылдай бастағанын көрсетеді. Олар мұғалім болуды жай қызмет емес, қоғамға әсер ететін маңызды миссия деп таниды.

«Уақытқа бағдарлану» шкаласындағы нәтижелер орташа деңгейде болды. Студенттер өз болашақтары туралы белгілі бір түсінікке ие, алайда бұл түсінік толық жүйеленбеген. Олар алдағы кәсіби жолын нақты жоспарлау мен іске асыруда әлі де сенімсіздік танытады. Бұл мамандық таңдаудың саналы түрде жасалғанын білдіргенмен, оны жүзеге асыру жолында қолдауға зәру екендігін аңғартады.

«Өзін түсіну» және «аутосимпатия» шкалаларының көрсеткіштері орташа деңгейден төмен болды. Бұл студенттердің өзін тұлға ретінде толық тануға, ішкі күйі мен қабілеттеріне сенуге әлі де қиындық сезінетінін айғақтайды. Олар өз күшіне толық сенбейді, кейбірі өзін педагогикалық салада көруде күмәндануы мүмкін. Мұндай көрсеткіштер болашақ мұғалімнің ішкі «Мен» бейнесінің әлі қалыптасу сатысында екенін және кәсіби «Мен» тұтастығының орныға қоймағанын білдіреді.

«Автономдылық» пен «өзін-өзі реттеу» бағыттары да орташа деңгейде. Бұл студенттердің көп жағдайда сыртқы пікірге тәуелді әрекет ететінін, өз бетімен шешім қабылдауда және бастамашыл болуда сенімсіздік танытатынын білдіреді.

Студенттердің эмоционалды интеллект деңгейін анықтау мақсатында Н. Холлдың әдістемесі қолданылды. Бұл әдіс адамның өз эмоцияларын және өзге адамдардың эмоцияларын тану, түсіну және басқару қабілетін бағалауға мүмкіндік береді. Сауалнама нәтижелері үш деңгейге бөлініп талданды: жоғары, орташа және төмен (1-сурет).



1-сурет – Н. Холлдың әдістемесінің нәтижелері

Жоғары эмоционалды интеллект деңгейін көрсеткен студенттер өз эмоцияларын тиімді басқара алады, басқалардың эмоционалды күйін тануға бейім және эмпатиялық қарым-қатынас орната біледі. Олар қиын

жағдайларда сабырлы бола алады, жанындағы адамдарға сенімділік пен эмоционалды тұрақтылық береді. Бұл көрсеткіш олардың кәсіби қызметке бейімділігінің жоғары екенін аңғартады.

Орташа деңгейдегі студенттер эмоционалды реакцияларын реттеуде тұрақсыздық танытады. Кей жағдайларда өз сезімдерін түсінгенімен, оларды нақты әрекетке бағыттау қиынға соғады. Мұндай деңгейдегі студенттерге эмоционалды интеллект компоненттерін дамыту бойынша жүйелі жұмыс қажет.

Төмен деңгейдегі студенттер өз эмоцияларын түсінуде және басқаруда қиындық көреді. Олар стресске бейім, жанындағы адамдардың көңіл-күйін ескере бермейді немесе дәл бағалай алмайды. Бұл кәсіби педагогикалық қызметте кедергілер тудыруы мүмкін. Бұл нәтижелер болашақ мұғалімдер үшін эмоционалды интеллектті дамытудың маңыздылығын айқындайды. Бұл қабілет кәсіби сана-сезімнің негізгі компоненттерінің бірі ретінде қарастырылады. Эмоционалды интеллекті жоғары мұғалімдер білім алушылармен сапалы қарым-қатынас орната алады, күрделі жағдайларда өзін ұстай біледі және оқыту үдерісінің тиімділігін арттырады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби сана-сезімінің мотивациялық компонентін анықтау үшін Т. Элерстің «Жетістікке ұмтылу мотивациясы» әдістемесі қолданылды. Бұл сауалнама адамның табысқа жетуге деген ішкі ынтасын, өз ісіне жауапкершілігін және белсенді ұстанымын бағалауға бағытталған. Сауалнамада 41 тұжырым беріліп, қатысушылар әрқайсысына «иә» немесе «жоқ» деп жауап берді. Әрбір жауап арнайы кілт бойынша бағаланып, қорытынды балл есептелді. Осы нәтижелер негізінде студенттердің мотивациялық деңгейі төмен, орташа, жоғары және өте жоғары деп төрт санатқа бөлінді (5-кесте).

5-кесте – Т. Элерстің «Жетістікке ұмтылу мотивациясы» әдістемесінің нәтижелері

| Мотивация деңгейі                | Студент саны | Пайыздық үлесі |
|----------------------------------|--------------|----------------|
| Төмен (1–10 балл)                | 6            | 16 %           |
| Орташа (11–16 балл)              | 17           | 46 %           |
| Жоғары (17–20 балл)              | 9            | 24 %           |
| Өте жоғары (21 балл және жоғары) | 5            | 14 %           |


Кестеден көріп отырғанымыздай, студенттердің басым бөлігі мотивацияның орташа деңгейінде. Бұл олардың кәсіби табысқа ұмтылысы бар екенін, алайда бұл ұмтылысты нығайту қажеттігін көрсетеді. Олар кейбір жағдайда шешім қабылдауда баяу болуы немесе қиындықтардан қорқуы мүмкін. 24 % студенттердің мотивациясы жоғары деңгейде. Мұндай жастар

табысқа жетуге сенімді, өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, кәсіби даму жолында белсенді әрекет етеді. Олар мақсатқа нақты жоспармен, жүйелі түрде ұмтылады.

14 % студенттің жетістікке деген мотивациясы өте жоғары деңгейде. Бұл – бастамашыл, тәуекелден қорықпайтын, өзін кәсіби тұрғыдан үздік көрсеткісі келетін жеке тұлғалар. Олар үшін ішкі мотивация – негізгі қозғаушы күш. Алайда 16 % студенттің мотивация деңгейі төмен болып шықты. Бұл көрсеткіш болашақ мұғалімнің кәсіби қызығушылығы мен ішкі ынтасының әлсіздігін білдіреді. Болашақ мұғалімдердің табысқа жетуге деген ұмтылысы жаман емес. Алайда бұл бағытта жүйелі қолдау қажет. Себебі білім беру саласына тек өз ісіне ынталы, жауапкершілігі жоғары, кәсібіне шынайы берілген тұлғалар қажет.

А. В. Карповтың «Рефлексия деңгейін анықтау әдістемесі» болашақ мұғалімдердің кәсіби сана-сезімінің маңызды компоненттерінің бірі – рефлексивтік қабілеттерін бағалау мақсатында қолданылды. Бұл әдістеме адамның өзінің ойлары мен әрекеттерін бақылау, оларды бағалау және оларға талдау жасау дағдыларын анықтауға бағытталған.

Сауалнама 27 тұжырымнан тұрады. Қатысушылар әрбір тұжырымға жеті түрлі жауап нұсқасының бірін таңдай отырып жауап береді: «мүлде келіспеймін», «келіспеймін», «көбіне келіспеймін», «екіұдай пікірдемін», «көбіне келісемін», «келісемін», «толық келісемін». Әр жауап белгілі бір ұпаймен бағаланып, соңында жиынтық балл арқылы қатысушының рефлексия деңгейі анықталады (2-сурет).




2-сурет – А.В. Карповтың  
«Рефлексия деңгейін анықтау әдістемесі» нәтижелері

Д. А. Леонтьевтің «СЖО – Смысловжизненные ориентации» әдістемесі болашақ мұғалімдердің кәсіби сана-сезім құрылымындағы құндылық-мағыналық компонентті зерттеу үшін қолданылды. Бұл тест адамның өмірге деген көзқарасын, оның мағынасы мен мақсаты туралы түсінігін, өз өміріне қаншалықты иелік ететінін анықтауға бағытталған.

Зерттеуге қатысқан студенттер 20 жұп қарама-қарсы тұжырымнан құралған сауалнаманы толтырды. Әр сұрақ бойынша 7 балдық шкала ұсынылды, мұнда 0 – екі тұжырыммен де келісу, ал 3 – бір жағына толықтай келісу дәрежесін білдіреді.

Талдау барысында тест нәтижелері төмендегі негізгі бес субшкала бойынша қарастырылды (3-сурет):

1. Өмірлік мақсаттар – өмірде айқын бағыт пен жоспардың бар-жоғын көрсетеді; 2. Өмір үдерісінен қанағаттану – күнделікті өмірдің мағыналылығы мен эмоционалды толымдылығын сипаттайды; 3. Өмір нәтижесіне қанағаттану – осы күнге дейінгі жетістіктер мен олардың бағасы; 4. Өзін бақылау локусы – өмірін басқарудағы ішкі сенім деңгейі; 5. Өмірді бақылау локусы – адамның өз тағдырына ықпал ете алуына деген сенімі.



3-сурет – Д. А. Леонтьевтің әдістемесінің нәтижелері

Көпшілік студенттердің өмірлік мақсаттары мен құндылық бағыттары орташа деңгейде қалыптасқан. Бұл олардың кәсіби болашаққа деген сенімі бар екенін, бірақ әлі де нақты мақсаттары мен тұрақты ішкі бағдарлары қалыптаспағанын көрсетеді. Төмен нәтиже көрсеткен студенттерде өмірдің мағынасына деген сенім әлсіз, олар болашаққа мақсатсыз, ішкі сенімсіздікпен қарайды. Жоғары деңгейдегі студенттер – өмірдің мәні мен кәсіби жолын анық сезінетіндер. Олар өзінің болашағына сенімді, саналы шешім қабылдауға дайын тұлғалар болып табылады.

Бұл кешенді диагностика бізге студенттердің кәсіби сана-сезімінің даму деңгейін әр қырынан қарап, олардың ішкі дайындық, кәсіби мағына мен бағыттылық, эмоцияны басқару және өзін-өзі ұғыну дағдылары туралы толық әрі нақты ақпарат алуға мүмкіндік берді. Модель әр компоненттің даму деңгейін есепке ала отырып, болашақ педагогтің кәсіби тұлғалық қалыптасуына бағытталған нақты қадамдар мен психологиялық-педагогикалық қолдау шараларын қамтиды.

Болашақ педагогтердің кәсіби сана-сезімін дамыту – бүгінгі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі. Осы мақсатта біз 37 студентпен жұмыс жүргізіп, олардың кәсіби сана-сезімін бес негізгі компонент бойынша (когнитивтік, эмоционалдық, мотивациялық, рефлексивтік және мағыналық/реттеуші) зерттедік. Диагностика нәтижесінде әр компонент бойынша студенттердің қандай деңгейде екенін анықтап, осы негізде оларды мақсатты түрде дамытуға арналған авторлық модель құрастырдық. Осы компоненттерді дамыту негізіне әдіснама алынады. Болашақ педагогтың кәсіби өзіндік сана-сезімінің дамуы әдіснамасы үш топтан тұрады: 1) тұлғаны дамыту теориялары; 2) педагогтың «Мен» тұжырымдамасы; 3) болашақ педагогтың кәсіби өзіндік сана-сезімін дамыту процесінде жетекшілікке алынатын әдіснамалық тұғырлар.


Соның ішінде тұлғаны дамыту теорияларына төменде берілген теориялар мен тұжырымдар алынады:

– Эрик Эриксонның (Erik Erikson) жас кезеңдеріне байланысты «тұлғалық даму» теориясы. Бұл теорияда кәсіби өзіндік сана-сезімнің жастық шақта қалыптасатындығы негізделген;

– Л. С.Выготскийдің тұлғаның дамуында әлеуметтік ортаның рөлі тұжырымдамасы негізге алынады. Өйткені соның ішінде кәсіби рөлдерді меңгеру мәселесі көрініс тапқан;

– Қ. Жарықбаев, А.Темірбекованың қазақ психологиясы мен тұлғаның дамуы, кәсіби бағыттары теориялары негізге алынады;

– Марк Савикастың (Mark Savickas) карьера конструктивизмі теориясына мән берілген. Ол адамның өмір жолындағы кәсіби «Менін» қалыптастыруды негіздеген.



4-сурет – Болашақ педагогтердің кәсіби сана-сезімін дамыту моделі

Модельдің құрылымдық артықшылықтары:

Барлық компоненттердің өзара байланысын қамтамасыз етеді (Выготскийдің жүйелілік қағидасы).

Тек теориялық емес, практикалық құралдарға негізделген (кейстер, рөлдік ойындар, рефлексиялық жаттығулар).

Студенттің жеке даму траекториясын құруға мүмкіндік береді.

Бұрынғы зерттеулерден айырмашылығы:

бір модельде когнитивтік + эмоционалдық + мағыналық компоненттердің толық интеграциясы беріледі;

модель ЖОО–мектеп байланысын жүйелі элемент ретінде қарастырады;

модельді қолдану статистикалық шынайы дәлелдермен расталды.

Бұл модель кәсіби сана-сезімді тек теориялық ұғым ретінде емес, студенттің тұлғалық және кәсіби дамуының күрделі ішкі құрылымы ретінде қарастырады. Сондықтан біз әр компонентті жеке қарастырып, нақты әдістер мен әрекет түрлерін ұсынамыз.

Бірінші кезекте, когнитивтік компонентке назар аудардық. Диагностика нәтижелері студенттердің педагогикалық қызметке қатысты теориялық білімдері бар болғанымен, оны практикалық тұрғыда қолдану дағдылары әлсіз екенін көрсетті. Көптеген студенттер «педагог болу» ұғымын терең түсіне бермейді. Осыны ескере отырып, біз болашақ мұғалімдерге арналған «Мен кіммін және кім болғым келеді?» тақырыбындағы тренингтер өткізуді, рөлдік ойындар мен нақты жағдаяттарды (кейстерді) талдау әдісін ұсындық. Бұл тапсырмалар арқылы студент өз кәсіби болмысын ұғынып, педагогикалық ұстанымын нақты қалыптастыра бастайды.

Эмоционалдық компонент бойынша алынған мәліметтер студенттердің эмоцияларын дұрыс танып, басқара алмау қиындықтарын көрсетті. Олар стресске бейім, өз сезімдерін жиі басып тастайды немесе керісінше, басқарусыз күйге түседі. Бұл мәселені шешу үшін эмоционалды интеллектті дамытуға арналған жаттығулар мен тренингтер енгізілді. Мысалы, «эмоциялар күнделігін» жүргізу, «мимика арқылы эмоция тану» жаттығулары немесе «эмоцияны сөзбен сипаттау» тәсілдері.

Үшінші – мотивациялық компонент. Тест нәтижелері көптеген студенттердің кәсіби мотивациясының орташа немесе төмен деңгейде екенін көрсетті. Әсіресе, сәтсіздікке ұшыраудан қорқу, сенімсіздік, мақсатсыздық секілді мәселелер жиі байқалды. Бұл компонентті дамыту үшін біз кәсіби жетістіктер тарихын талдауға, мотивациялық эссе жазуға және мақсат қою дағдыларын қалыптастыруға бағытталған сабақтар ұйымдастырдық.

Рефлексивтік компонент бойынша студенттердің өз әрекетіне баға беру, қателіктерді мойындау және олардан сабақ алу қабілеттері төмен екені

анықталды. Олардың көпшілігі әрекетін сырттай бақылауға немесе оның себеп-салдарын түсіндіруге дайын емес. Осыған байланысты біз рефлексияны күнделікті дағдыға айналдыру үшін «күн соңындағы талдау» күнделіктерін жүргізуді, өз әрекетін видеоға түсіріп, өзін-өзі бағалауды, сондай-ақ, топтық рефлексиялық пікірталастарды ұйымдастыруды ұсындық. Мұндай әдістер студенттің өзін-өзі тануына, кәсіби өсуді жоспарлауына жол ашады.

Соңғы компонент – мағыналық немесе реттеуші компонент. Бұл студенттің кәсіби жолындағы ішкі бағыттылығын, өмірлік мақсатын, құндылықтарын қамтиды. Біздің зерттеуімізде осы компонент ең әлсіз болып шықты. Студенттердің көбі мамандық таңдауда сыртқы факторларға (ата-ана, грант, мүмкіндік) сүйенгені байқалды. Сондықтан біз бұл компонентке ерекше назар аударып, студенттің ішкі мағынасын анықтауға бағытталған жаттығуларды енгіздік. Мысалы, «Мен не үшін мұғалім болғым келеді?», «Менің миссиям қандай?» деген сұрақтарға жауап іздеу, мағыналық эссе жазу, логотерапиялық әдістер арқылы мағына іздеу сияқты шаралар тиімді болды.

Кәсіби сана-сезімді дамыту бойынша жүргізілген диагностика нәтижелері болашақ педагогтарда бұл ұғымның барлық компоненттері бірдей деңгейде қалыптаспағанын көрсетті. Әсіресе, эмоционалдық, мағыналық және рефлексивтік компоненттер бойынша көрсеткіштер төмендеу болды. Осыған байланысты студенттердің кәсіби сана-сезімін кешенді түрде қалыптастыру және дамыту мақсатында арнайы модель әзірленіп, бес негізгі компоненттің әрқайсысына бағытталған нақты іс-шаралар жоспары ұсынылды.

6-кесте – Пирсон корреляциясы кәсіби сана-сезім компоненттері арасындағы өзара байланысты көрсетті:

| Компоненттер                      | r    | Түсіндірме               |
|-----------------------------------|------|--------------------------|
| Эмоционалды интеллект ↔ Рефлексия | 0.62 | Жоғары, тікелей байланыс |
| Мотивация ↔ Мағыналық бағдар      | 0.71 | Өте жоғары байланыс      |
| Когнитивтік деңгей ↔ Рефлексия    | 0.57 | Орташа байланыс          |

Мұның дәлелі:

Студент эмоциясын басқара алған сайын, кәсіби әрекетін рефлексиялау қабілеті күшейеді.

Төмендегі кестеде кәсіби сана-сезімнің әр компонентіне сәйкес үш нақты іс-шара келтірілген. Бұл іс-шаралар студенттердің теориялық білімін тереңдетуге, ішкі уәжін арттыруға, эмоцияларын басқаруға, кәсіби әрекеттерін талдауға және өз мамандығына мағынамен қарауға бағытталған (7-кесте):

## 7-кесте – Кәсіби сана-сезімді дамытуға арналған іс шаралар

| Компонент    | Іс-шара                                        | Сипаттамасы                                                      | Нәтиже                                            |
|--------------|------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|
| Когнитивтік  | Педагогикалық кейстерді шешу                   | Нақты мектептік жағдайларды талдау арқылы ойлау қабілетін дамыту | Кәсіби ұғымдарды қолдану білігі дамиды            |
|              | Терминологиялық диктант                        | Теориялық білімді бекіту                                         | Педагогикалық тілдік қор қалыптасады              |
|              | «Менің кәсіби портретім» жобасы                | Өзқабілеттерімен құндылықтарын таныстыру                         | Кәсіби түсініктерге өзіндік баға беру дамиды      |
| Эмоционалдық | Холл әдісі рефлексиялық тренинг                | Эмоциялық интеллектті дамыту                                     | Эмпатия мен өзін-өзі басқару артады               |
|              | Эмоциялық күнделік жүргізу                     | Күнделікті эмоцияны бақылап жазу                                 | Эмоцияларды тану және реттеу машығы дамиды        |
|              | Рөлдік ойындар («Қиын оқушымен жұмыс»)         | Қиын жағдайларды модельдеу                                       | Эмоциялық тұрақтылық пен кәсіби төзімділік артады |
| Мотивациялық | «Неге мен мұғалім болғым келеді?» эссе байқауы | Мамандыққа деген ішкі ынтаны зерттеу                             | Кәсіби мақсаттылық нығаяды                        |
|              | Табысты мұғалімдермен кездесу                  | Өзін-өзі шабыттандыру, үлгі алатын тұлғалармен танысу            | Ішкі мотивация артады                             |
|              | Тұлғалық даму тренингі                         | Өзіндік даму жолын жоспарлау                                     | Ішкі уәжді қалыптастыруға ықпал етеді             |
| Рефлексивтік | Апталық рефлексиялық сұхбаттар                 | Апталық қорытындысы бойынша талдау жүргізу                       | Өзін-өзі бағалау және ой қорыту дағдылары дамиды  |
|              | «Менің кәсіби қателігім» эссесі                | Қателіктерден сабақ алуды үйрену                                 | Тәжірибені саналы түрде қайта бағалау қалыптасады |

|                      |                                          |                                                        |                                                                   |
|----------------------|------------------------------------------|--------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|
|                      | Карпов әдісімен семинар-тренинг          | Рефлексияны дамытатын жаттығулар                       | Талдау, болжау, бағалау машығы қалыптасады                        |
| Мағыналық (реттеуші) | «Мен үшін мұғалім деген кім?» пікірталас | Мамандықтың мәні туралы пікір алмасу                   | Кәсіби болмысты саналы түсіну дамиды                              |
|                      | Өзін-өзі дамыту жоспарын жасау           | Болашақ кәсіби бағыт пен өмірлік құндылықтарды анықтау | Өзіндік бағдарлау қабілеті қалыптасады                            |
|                      | Леонтьев әдісіне негізделген коуч-сессия | Өмірлік мағына мен құндылықтарды зерделеу              | Құндылықтар жүйесі нақтыланып, мотивациялық тұтастық пайда болады |

Бұл іс-шаралар болашақ мұғалімдердің тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық, эмоциялық, рефлексивтік және мағыналық жағынан да кәсіби жетілуіне бағытталған. Жүйелі түрде ұйымдастырылған осындай іс-әрекеттер студенттердің кәсіби сана-сезімін саналы түрде қалыптастыруға көмектеседі.

Қайта жүргізілген диагностиканың нәтижесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби сана-сезімі бойынша айтарлықтай оң өзгерістер байқалды. Әсіресе когнитивтік компонентте студенттердің кәсіби терминдерді түсінуі мен қолдану деңгейі артты, педагогикалық жағдайларды талдаудағы белсенділік пен сенімділік жоғарылады. Эмоционалдық компонент бойынша, Холл әдісіне сәйкес, эмоционалды интеллект деңгейі көбейіп, студенттер эмоцияларын жақсырақ тани және басқара алатын болды. Рөлдік ойындар мен күнделік жүргізу тәжірибесі өз нәтижесін беріп, эмпатиялық дағдылар күшейді. Мотивациялық компонент бойынша, Т.Элерс әдістемесімен анықталғандай, кәсіби мотивациясы төмен студенттердің саны азайды. Эссе жазу мен табысты мұғалімдермен кездесулер олардың педагогикалық мақсаттарын айқындауға көмектесті. Рефлексивтік компонентте де алға ілгерілеу байқалды. Карпов әдісімен жүргізілген бағалау нәтижесі студенттердің өз әрекетіне сыни көзқараспен қарап, шешім қабылдау кезінде жауапкершілікті сезіну қабілеті артқанын көрсетті. Ал реттеуші компонент бойынша, Д.А. Леонтьевтің тесті арқылы анықталғандай, студенттердің өмір мен кәсіп мәнін түсіну деңгейі жоғарылады, мақсат қою және оған ұмтылу сапасы артты.

Жалпы алғанда, ұсынылған модель мен нақты іс-шаралар кешені болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін кешенді түрде дамытуға едәуір әсер етті.

### **Қорытынды**

Зерттеу нәтижесінде ұсынылған кәсіби сана-сезімді дамыту моделі эксперименттік тексеруден өтті және оның тиімділігі статистикалық тұрғыдан дәлелденді. Эксперименттік топта барлық компоненттер бойынша айтарлықтай оң динамика байқалды, бұл:

авторлық модельдің практикалық тиімділігін,  
оның бұрынғы зерттеулерден артықшылығын,  
болашақ педагогтарды дайындауда қолдануға болатындығын дәлелдейді.

Бақылау тобының нәтижелері өзгеріссіз қалғандықтан, алынған өсім тек модельдің әсеріне байланысты екені анықталды.

Зерттеу нәтижесінде кәсіби сана-сезімнің бес негізгі компоненті (когнитивтік, эмоционалдық, мотивациялық, рефлексивтік, мағыналық) бойынша студенттердің бастапқы деңгейлері анықталды және сол нәтижелерге сүйене отырып арнайы даму моделі құрылды. Ұсынылған іс-шаралар жүйесі арқылы студенттердің өзіндік кәсіби ұстанымдары, эмоционалды тұрақтылығы, уәждік көзқарасы, рефлексиялық қабілеті мен кәсіби құндылықтарды түсіну деңгейі айтарлықтай жоғарылады. Қайта диагностикалау нәтижесінде барлық компоненттер бойынша оң динамика байқалды. Әсіресе, эмоционалды және мотивациялық компоненттерде айтарлықтай ілгерілеушілік тіркелді. Бұл қолданылған модельдің тиімділігін дәлелдеді. Жалпы, кәсіби сана-сезімді мақсатты түрде дамыту болашақ педагогтың тұлғалық және кәсіби қалыптасуында маңызды рөл атқаратыны дәлелденді. Жүйелі жұмыс, рефлексия мен мағыналық ізденіс кәсіби өзін-өзі тануды тереңдетіп, сапалы педагогикалық қызметтің алғышарттарын қалыптастырады.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1 Юдина, Е. Г. Профессиональное сознание педагога: опыт постановки проблемы в современном образовании [Текст] // Психологическая наука и образование. – 2001. – Т. 6. – №. 1.

2 Исаев, Е. И., Косарецкий, С. Г., Слободчиков, В. И. Становление и развитие профессионального сознания будущего педагога [Текст] // Вопросы психологии. – 2000. – Т. 3. – С. 57–65.

3 **Newman, S., Latifi, A.** Vygotsky, education, and teacher education [Text] // Journal of Education for Teaching. – 2021. – Т. 47. – №.1. – Р. 4–17.

4 **Маралов, В. Г.** Общие закономерности и возрастные особенности саморазвития личности [Текст] // Вестник Череповецкого государственного университета. – 2015. – №. 4 (65). – С. 147–152.

5 **Огурцов, А. П.** Проекция непонимания. Ответ моему критику [Текст] // Философские науки. – 2007. – №. 6. – С. 127–138.

6 **Смоляр, А. И.** Профессиональное самосознание учителя: вопросы методологии, теории и технологии развития: монография [Текст] // Самарский государственный социально-педагогический университет. – 2013. – С. 250-255.

7 **Нечаев, Н. Н.** Профессия и профессионализм : к задачам психологии профессионального творчества [Текст] // Вестник Московского университета. Серия 14. Психология. – 2016. – №. 4. – С. 3

8 **Маркова, А. К.** Самооценка карьерной компетентности менеджеров [Текст] // Вестник. – 2007. – С. 268.

9 **Bessarab, N.** Self-education as an important condition of teachers professional activity [Text] // International Journal of Advance Researches. – 2021. – Т. 3. – №. 13. – Р. 74-82.

10 **Berezhnova, O. V.** Theoretical grounds for the development of professional self-consciousness of students in the information-oriented society [Text] // Perspectives on the use of New Information and Communication Technology (ICT) in the Modern Economy. – Cham: Springer International Publishing, 2017. – Р. 1060-1067.

11 **Shapovalova, M. L.** Professional self-consciousness as factor of professional formation and self-development of personality [Text] // European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. – 2020.

12 **Bugaychuk, T.** Professional self-consciousness of students of a pedagogical university: results of the research [Text] // Society. integration. education. Proceedings of the International Scientific Conference. – 2020. – Т. 1. – Р. 67-76.

13 **Дарвиш, О. Б., Жунусова, Е. К.** Рефлексия как ключевая компетенция в развитии профессионального сознания и самосознания будущих педагогов-психологов [Текст] // Вестник Алтайского государственного педагогического университета. – 2016. – №. 28. – С. 67

14 **Шевченко, Н.** Эффективность внедрения программы развития профессионального сознания будущих учителей [Текст] // Annales Universitatis Paedagogicae Cracoviensis. – 2016. – С. 173–175.

15 **Гуслякова, Н. И., Жеребкина, В. Ф.** Целеполагание как механизм формирования профессионального сознания будущего учителя [Текст] // Вестник Южно-Уральского государственного гуманитарно-педагогического университета. – 2012. – №. 3. – С. 66-80.

16 **Sedykh, K., Metelska, N.** Dynamics of development of the educators' professional self-consciousness in the process of professional skills improving [Text] // Socialization & human development international scientific journal. – 2020. – Т. 2. – № 1. – P. 83–95.

17 **Ivanovna, K. T.** Development of Self-Consciousness of Students-Psychologists at the Stage of Graduation from the University [Text] // Endless light in science. – 2024. – Т. 1. – P. 557–563.

### References

1 **Yudina, E. G.** Professional'noe soznanie pedagoga : opyt postanovki problemy v sovremennom obrazovanii [The Professional Consciousness of a Teacher: The Experience of Formulating a Problem in Modern Education] [Text]. Psychological science and education. – 2001. – Vol. 6. – №. 1.

2 **Isaev, E. I., Kosaretskiy, S. G., Slobodchikov, V. I.** Stanovlenie i razvitie professional'nogo soznaniya budushchego pedagoga [Formation and Development of the Professional Consciousness of a Future Teacher] [Text]. Issues of Psychology. – 2000. – Vol. 3. – P. 57–65.

3 **Newman, S., Latifi, A.** Vygotsky, education, and teacher education [Text]. Journal of Education for Teaching. – 2021 – Vol.47. – № 1. – P.4–17.

4 **Maralov, V. G.** Obshchie zakonomernosti i vozrastnye osobennosti samorazvitiya lichnosti [General patterns and age-related features of personality self-development] [Text]. Bulletin of Cherepovets State University. – 2015. – №. 4 (65). – P. 147–152.

5 **Ogurtsov, A. P.** Proektsiya neponimaniya. Otvet moemu kritiku [Projection of misunderstanding. Response to my critic] [Text]. Philosophical Sciences. – 2007. – №. 6. – P. 127–138.

6 **Smolyar, A. I.** Professional'noe samosoznanie uchitelya : voprosy metodologii, teorii i tekhnologii razvitiya : monografiya [Professional Self-Awareness of a Teacher : Issues of Methodology, Theory, and Development Technology: Monograph] [Text]. Samara State Social and Pedagogical University. – 2013. – P. 250–255.

7 **Nechaev, N. N.** Professiya i professionalizm: k zadacham psikhologii professional'nogo tvorchestva [Profession and Professionalism: Towards the

Tasks of the Psychology of Professional Creativity] [Text]. Bulletin of Moscow University. Series 14. Psychology. – 2016. – №. 4. – P. 3–15.

8 **Markova, A. K.** Samootsenka kar'ernoy kompetentnosti menedzherov [Self-assessment of managers' career competence] [Text]. Bulletin. – 2007. – P. 268.

9 **Bessarab, N.** Self-education as an important condition of teachers professional activity [Text]. International Journal of Advance Researches. – 2021. – Vol. 3. – №. 13. – P. 74–82.

10 **Berezhnova, O. V.** Theoretical grounds for the development of professional self-consciousness of students in the information-oriented society [Text]. Perspectives on the use of New Information and Communication Technology (ICT) in the Modern Economy. – Cham: Springer International Publishing, 2017. – P. 1060–1067.

11 **Shapovalova, M. L.** Professional self-consciousness as factor of professional formation and self-development of personality [Text]. European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. – 2020.

12 **Bugaychuk, T.** Professional self-consciousness of students of a pedagogical university: results of the research [Text]. Society. integration. education. Proceedings of the International Scientific Conference. – 2020. – Vol. 1. – P. 67–76.

13 **Darvish, O. B., Zhunusova, E. K.** Refleksiya kak klyuchevaya kompetentsiya v razvitiy professional'nogo soznaniya i samosoznaniya budushchikh pedagogov-psikhologov [Reflection as a key competence in the development of professional consciousness and self-awareness of future teachers-psychologists] [Text]. Bulletin of the Altai State Pedagogical University. – 2016. – №. 28. – P. 67–70.

14 **Shevchenko, N.** Effektivnost' vnedreniya programmy razvitiya professional'nogo soznaniya budushchikh uchiteley [The effectiveness of implementing a program for developing the professional consciousness of future teachers] [Text]. Annales Universitatis Paedagogicae Cracoviensis. – 2016. – P. 173–175.

15 **Guslyakova, N. I., Zherebkina, V. F.** Tselepolaganie kak mekhanizm formirovaniya professional'nogo soznaniya budushchego uchitelya [Goal-setting as a mechanism for shaping the professional consciousness of a future teacher] [Text]. Bulletin of the South Ural State University of Humanities and Education. – 2012. – №. 3. – P. 66–80.

16 **Sedykh, K., Metelska, N.** Dynamics of development of the educators' professional self-consciousness in the process of professional skills improving [Text]. Socialization & human development international scientific journal. – 2020. – Vol. 2. – №. 1. – P. 83–95.

17 **Ivanovna, K. T.** Development of Self-Consciousness of Students-Psychologists at the Stage of Graduation from the University [Text]. Endless light in science. – 2024. – Vol. 1. – P. 557–563.

23.07.25 ж. баспаға түсті.

27.04.26 ж. түзетулерімен түсті.

15.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*А. Л. Сеитова<sup>1</sup>, У. М. Абдиганбарова<sup>2</sup>,

И. А. Оралканова<sup>3</sup>, С. А. Рапикова<sup>4</sup>

<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>3</sup>Торайгыров университет,  
Республика Казахстан, г. Павлодар;

<sup>4</sup>Шәкәрім университет,  
Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 23.07.25.

Поступило с исправлениями 27.04.26.

Принято в печать 15.05.26.

## **РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В СИСТЕМЕ ШКОЛА-ВУЗ**

*В данной статье рассматриваются теоретические и практические основы развития профессионального сознания будущих педагогов. Автор характеризует профессиональное сознание как самосознание личности, осознание профессиональной роли, внутреннее отношение к профессии и будущую профессиональную направленность. Основная цель исследования – предложить эффективную модель, комплексно развивающую структурные компоненты профессионального сознания (когнитивные, эмоциональные, мотивационные, рефлексивные и смысловые). Исследовательская работа состояла из трех этапов: первичная диагностика, разработка модели развития и окончательная диагностика. На начальном этапе оценивался уровень профессионального сознания 37 студентов по специальным психологическим методикам: метод определения рефлексии А. В. Карпова, тест т. Элерса по изучению мотивации, шкала эмоционального интеллекта Холла, тест Д. А. Леонтьева по смысловым ориентациям и задания для оценки когнитивного познания.*

*В результате диагностики были выявлены низкие показатели студентов по ряду компонентов и создана специальная модель развития, направленная на устранение этих пробелов. Каждому компоненту было предложено три конкретных практических мероприятия. Проведенная повторная диагностика доказала эффективность модели развития: углубилось профессиональное понимание студентов, возросла рефлексивная и мотивационная активность, усилилась ориентация на профессиональные ценности. В статье показано, что развитие профессионального сознания является важнейшим условием становления будущего педагога как профессиональной личности.*

*Ключевые слова: профессиональное сознание, будущий учитель, педагогическая диагностика, рефлексия, мотивация, эмоциональный интеллект, смысловая ориентация, профессиональные ценности.*

A. Seitova<sup>1</sup>, U. Abdigapbarova<sup>2</sup>,

I. Oralkanova<sup>3</sup>, S. Rapikova<sup>4</sup>

<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University

Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>3</sup>Toraighyrov University

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

<sup>4</sup>Shakarim University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 23.07.25.

Received in revised form 27.04.26.

Accepted for publication 15.05.26.

## **DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL CONSCIOUSNESS OF FUTURE TEACHERS IN THE SCHOOL-UNIVERSITY SYSTEM**

*This article discusses the theoretical and practical foundations of the development of professional consciousness in future teachers. The author defines professional consciousness as the self-awareness of an individual, the awareness of their professional role, their internal attitude towards their profession, and their future professional orientation. The main goal of the study is to propose an effective model that comprehensively develops the structural components of professional consciousness (cognitive, emotional, motivational, reflective, and semantic). The research consisted of three stages: initial diagnosis, development of a development model, and final*

*diagnosis. At the initial stage, the level of professional consciousness of 37 students was assessed using special psychological methods: A. V. Karpov's method for determining reflection, T. Ehlers' test for studying motivation, Hall's emotional intelligence scale, D. A. Leontiev's test for semantic orientations, and tasks for assessing cognitive cognition. As a result of the diagnostics, low indicators of students were identified in a number of components and a special development model was created aimed at eliminating these gaps. Three specific practical activities were proposed for each component. The repeated diagnostics proved the effectiveness of the development model: the professional understanding of students deepened, the reflective and motivational activity increased, and the focus on professional values strengthened. The article shows that the development of professional consciousness is a crucial condition for the formation of a future teacher as a professional personality.*

*Keywords: professional consciousness, future teacher, pedagogical diagnostics, reflection, motivation, emotional intelligence, semantic orientation, and professional values.*

Теруге 15.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

26,3 Кб RAM

Шартты баспа табағы 50,81

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4566

Сдано в набор 15.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

26,3 Кб RAM

Усл.п.л. 50,81. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4566

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz](http://www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz)